



"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір өкімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 23 мамыр N 694

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір өкімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің
Өкімі

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір өкімдеріне
өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 2 шілдедегі N 3578 өкімімен құрылған Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссияның қызметін одан әрі жетілдіру мақсатында және кадрлық өзгерістерге байланысты:

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір өкімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) "Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 2 шілдедегі N 3578 N973578_ (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 30, 268-құжат) өкіміне: көрсетілген өкіммен бекітілген Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссия туралы Ережеде:

6 - тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мемлекеттік нышандарды шығаруға, таратуға, насихаттауға, олардың

әскери және өзге де белгілерде қолданылуына байланысты мәселелерді қарайды;"

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) геральдикалық белгілер жобаларын қарайды және олар бойынша қорытынды береді.";

2) "Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссияның құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 58

N990058_

өкіміне:

осы өкіммен құрылған Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Ертісбаев - Қазақстан Республикасы Президентінің

Ермұхамбет Қабиденұлы Әкімшілігі Қоғамдық саяси

бөлімінің меңгерушісі, орынбасары болып,

Жұмағұлов - Қазақстан Республикасының

Бақытжан Тұрсынұлы Білім және ғылым бірінші вице-министрі

Пірімқұлұлы Керім - Қазақстан Республикасының Экономика

және сауда министрлігі Стандарттау,

метрология және сертификаттау жөніндегі

комитетінің төрағасы;

көрсетілген комиссияның құрамынан Бижанов Ақан Құсайынұлы, Арын Ерлан Мұхтарұлы, Жолдыбаева Сәуле Мұсақызы шығарылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК